



## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

### Қазақстандық сарапшылар шашыраңқы склероздың таралушылығына және пациенттерді емдеуге қатысты көкейкесті мәселелерді талқылады

**Қазақстан, Астана – 2018 ж. 1 маусым** – Бүгін Астанада Дүниежүзілік шашыраңқы склероз (ШС) күніне арналған баспасөз конференциясы өтті.

Баспасөз конференциясы барысында емделушілер ұйымдарының өкілдері мен медициналық сарапшылар Қазақстанда шашыраңқы склероздың таралушылығы туралы көкейкесті деректерді ұсынды, оны диагностикалаудың және емдеудің заманауи әдістері туралы әңгімеледі, сондай-ақ, аурудың өмірдің әлеуметтік маңызды қырларына әсерін талқылады.

*Шашыраңқы склероз* заманауи неврологияның ең көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Шашыраңқы склероздың медициналық-әлеуметтік маңыздылығы осы аурудың жас адамдардың (20 жастан 40 жасқа дейін) мүгедектенуінің және осыған байланысты тұрмыс сапасының төмендеуінің ең басты себебі болуымен анықталады. Кейбір мамандар шашыраңқы склероздың дамуының себебі вирустық инфекцияның болуында деген теорияны алға тартады. Дегенмен, осы аурудың дамуына жауапты вирус әлі анықталған жоқ. Бір қызықты заңдылық бар: экватордан алшақтаған сайын ауру пайызы жоғарлай береді. Солтүстік өңірлердегі адамдар бұл ауруға жиірек шалдығады (100 мың адамның 70-і ауырады). Көптеген зерттеушілер бұл жағдайды адам ағзасында күн сәулесінің әсерінен пайда болатын D дәруменінің жетіспеушілігімен байланыстырады.

Әлем бойынша шашыраңқы склероз ауруына 2,3 млн. адам шалдыққан. Өкінішке орай, мамандар соңғы жылдары Қазақстанда шашыраңқы склерозбен ауыратын науқастардың саны өсіп келе жатқанын айтады. Шашыраңқы склерозға шалдыққан пациенттерді толық емдеп шығу мүмкін емес, әйтсе де, заманауи диагностика мен дұрыс тағайындалған ем пациенттерге толыққанды өмір сүру мүмкіндігін береді. Қолданыстағы терапия әдістері ауруды асқындырмай, оның күшеюінің алдын алып, мүгедектенуді кейінге шегіндіреді.

*«Невролог мамандардың деректеріне сүйенетін болсақ, Қазақстан Республикасында шамамен 1522 пациент осы аурудан зардап шегеді, дегенмен елімізде шашыраңқы склероз бойынша ұлттық тіркелім жоқ. Өкінішке орай, ШС ауруының даму себептері бізге мәлім емес – ол тұқым қуаламайды, дей тұрғанмен, ШС шалдыққан адамның жақын туыстарында осы ауруға шалдығу қаупі шамалы жоғарылау. Жақында шашыраңқы склероз бойынша көкейкесті мәселелерді талқылау және пациенттердің қажеттіліктері мен тілектерін анықтау мақсатында пациенттер арасында фокус-топ өткізілді. Осының нәтижесінде ШС шалдыққан адамдар ауру туралы және оны емдеудің, оңалудың жаңа мүмкіндіктері, сонымен қатар емделушілер ұйымын құру туралы көбірек мәлімет алуды қажет ететіні анықталды»,* - деді Жусупова Алма, ҚР Неврологтары



қауымдастығының президенті, м.ғ.д., профессор, психиатрия және наркология курсымен невропатология кафедрасының меңгерушісі.

..

Астана қаласы пациенттік қоғамдастығының өкілі Каримов Абай былай деп мәлімдеді: *«Астанада шашыраңқы склерозға шалдыққан адамдардың қоғамдастығы қызмет етеді. Жақында біз Пациенттер қауымдастығын ресми түрде тіркеуге өтінім бердік. Біздің мақсатымыз – Қауымдастықтың мүшелеріне жан-жақты демеу беру және ауру туралы хабардар болу деңгейін жоғарлату, себебі көптеген адамдар «шашыраңқы склероз» терминін естігенде бұл ауру қарт адамдарда ғана кездеседі екен деп ойлайды. Шын мәнінде, шашыраңқы склероз – жас адамдарды карьера жасап, отбасын құрып, балалы-шағалы болатын өмірінің ең белсенді кезеңінде аяғынан шалатын ауру».*

**World Multiple Sclerosis Day (World MS Day).** Халықаралық шашыраңқы склероз күнін Шашыраңқы склероз қоғамдарының Халықаралық Федерациясы шашыраңқы склероз мәселесі және ШС ұйымдарының ғаламдық қозғалысы туралы хабардар ету, сонымен қатар ШС ұйымдарының ғаламдық қозғалысының ауқымын кеңейту және ұлттық, өңірлік ұйымдарды біріктіру, шашыраңқы склероз мәселелері бойынша ғаламдық қозғалысты қаржыландыру көздерін іздеу мақсатында құрған. «Халықаралық шашыраңқы склероз күні» жыл сайын мамыр айының соңғы сәрсенбесінде аталып өтеді.

#### **БАҚ арналған контактілер:**

**Диляра Ермагамбетова**

**Account manager**

SPN Communications агенттігі

E-mail: [d.yermagambetova@spncomms.com](mailto:d.yermagambetova@spncomms.com)

Тел.: ұялы: +7778 229 37 39